



ГТАХР 11.15.74
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-9-27>

Ұлттық құрылтай – кеңесуші демократия институты ретінде

Р. Тасым*¹, Н. Пұсырманов², Ә. Назарбетова³

¹Қазақстандық қоғамдық даму институты Қоғамдық процестерді зерттеу орталығы, Астана, Қазақстан

²Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан

³Алматы қаласындағы ҚСЗИ өкілдігі, Алматы, Қазақстан

(E-mail: rizz_e@mail.ru, nurbekp89@gmail.com, aselnaz78@mail.ru)

Аңдатпа. Мақала Қ. Тоқаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың қызметіне назар аударады. Ұлттық құрылтайдың қатысу мен кеңесуші демократия түрінде қалыптасып, дамуы қоғамда алуан топтардың шешім қабылдауға және саясаттың қатысуына мүмкіндік береді. Осы бағытта Ұлттық құрылтай құрамын қалыптастыру туралы концептуалды дискуссия, Ұлттық құрылтай азаматтық-қоғамдық дискурс нысаны ретінде, Ұлттық құрылтайдың саяси коммуникациялық рөлі зерттеуіміздің басты сауалдарына айналды.

Зерттеудің ерекшелігі – Ұлттық құрылтай сияқты жаңадан орнығып келе жатқан органның Қазақстандағы кеңесуші демократияның дамуына үлесі призмасы арқылы зерделенеді. Мұндай делиберативті құрылымның орнығып, дамуы және оның белсенді әсері қоғамдық пікірдің жаңа деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саяси жүйенің трансформациясы жағдайында құрылтайдың құрылуы биліктің халықты шешім қабылдау процесіне кеңінен тарту ғана емес, сонымен бірге саяси модернизацияның тұжырымдамалық фреймі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделінің құрамдас бөлігіне айналды. Осылайша Ұлттық құрылтай мемлекеттік саясатты жасау тәсілін өзгерте отырып, кері байланыс, қоғаммен кеңесу, қоғамды алға қарай қозғайтын идеяларды ұсынатын демократиялық қатысу құралы бола алды.

Мақала нормативтік құжат, сарапшылық пікір және эмпирикалық деректер талдауына негізделген. Осы орайда заң үстемдігін қамтамасыз ету және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі ойларымен, идеяларымен және пікірлерімен алмасу үшін қолжетімді әрі ыңғайлы платформа түрінде ілгерілетуде практикалық ұсыныстар әзірлеуге негіз болады.

Түйін сөздер: Ұлттық құрылтай, кеңесуші демократия, қоғамдық диалог, азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық келісім, қатысу демократиясы.

Түсті: 10.03.2025; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

Кіріспе

Қазақстанның қазіргі тарихында мемлекет пен қоғам, оның ішінде қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас, өзара әрекеттесуді жақсарту – ұлттық даму стратегиясында басты орынға ие. Ел президенті Қ. Тоқаев және оның аппараты ұсынған «Адам мемлекет үшін емес, мемлекеттің игілігі адам үшін» қағидасы Қазақстан қоғамы үшін басты ұстанымға айналып келеді. Мұндай мемлекеттік саясаттың адамға бағыт алуы қоғамда терең тұжырымдамалық өзгерістерді талап етеді. Оны іске асырушы тетіктерді де заманауи түрде қалыптастыру мемлекеттік аппараттың негізгі күн тәртібіне орнықты. Осылайша 2022 жылы Президент Қ. Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінен кейінгі қоғам бірлігінің және елдегі демократиялық өзгерістердің басты құралына айналды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымы аясында Ұлттық құрылтай көптеген елдерде белең алған сенімнің төмендеуі, саяси поляризацияның күшеюі, кейбір топтардың саяси институттарды сынап, қоғамдық оптимизмге кедергі келтірудің алдын алуға таптырмас тетік болды.

Құрылтай институты – тарихи тамыры бар және Ұлы даланың билік мұрасы, басқару өнері мен ұйымдасу дәстүрін бойына жинақтаған құрылым. Ол ұзақ ғасырлардан сұрыпталып, трансформацияланған күйде бүгінгі қоғамдық санада сақталды.

Құрылтай дәстүрінің жалпыхалықтық кеңес ретінде қайта жаңғыруы халықтың еркіндігін айшықтайды әрі бірлігін нығайтады, оны мемлекеттік маңызы бар өзекті міндеттерді шешуге бағыттайды.

Құрылтайдың жыл сайынғы отырыстарын басқаратын Президент Қ. Тоқаев оның ел бірлігі мен ұлттық құндылықтарды нығайтудағы рөліне ерекше тоқталып келеді. Осы орайда, президент Қ. Тоқаев Қазақстанда барлық мүдделі қоғамдық топтардың билікпен және өзара сапалы саяси коммуникация негізге алынған демократияның делиберативті моделін құру курсы бекітті. Оның мәні – делиберативті демократияның қоғамдық пікірге сүйенген (еркін мазмұнды пікірталас нәтижесінде алынған), рационалды негізделген, ең қолайлы үлгісін табу [1].

Консультативтік-кеңесші органдар қызметінің өзегі саналатын кеңесуші демократия тұжырымдамасы – саяси шешімді қалыптастырудың тиімді тәсілі [2].

Бұл тәсіл дәстүрлі көпшіліктің тікелей дауыс беру механизмімен қатар, пікірлерді мұқият талдап, дәлелдермен өлшеп, өзара қабылданатын шешімдер іздеуге бағытталған процесті көздейді [3], [4].

Еуропада (*Ирландия мен Исландия*) мемлекеттің өзекті мәселелерін азаматтардың (*саясаткерлер емес*) қатысуымен құрылымдық талқылау жеткілікті түрде танылған. Мұндай талқылау нәтижесінде ұсынымдық-ақпараттық есептер жасалып, тиімді және орынды шешім қабылдау үшін парламентке ұсынылады [5].

Азияда мұндай механизмдер байқалмайды, дегенмен делиберативті сауалнама әдісін енгізудің жарқын үлгісі ретінде Моңғолияны атап өтуге болады. Бұл елде әлемде алғаш рет конституциялық түзетулер бойынша кеңесуші сауалнама заң жүзінде енгізілді. Моңғолия билігі профессор Джеймс Фишкин ұсынған кеңесуші сауалнама әдісін қабыл-

дады [6]. Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесінің (ҚХСКК) тарихи ауқымы кең. ҚХСКК-нің басты қызметі – саяси кеңес беру, демократиялық бақылау және мемлекеттік істерді талқылауға және шешуге қатысу. Ерекшелігі – оның жұмысында кадрлық саясаткерлердің қатысуы [7], [8].

Ал, қоғамдық жария тыңдауды заңнамалық реттеуді ХХ ғасырдың 20-шы жылдары АҚШ билігі заңнамалық түрде бекітті. Жария тыңдаудан бөлек, АҚШ-та модификацияланған және құрылымдалған жария тыңдау түрі «азаматтық қазылар алқасы» немесе «азаматтардың қазылар алқасы» механизмі кең таралды [9].

«e-Demoscacia» порталын құрып, әлемге алғаш рет цифрлық кеңесуші демократия тәжірибесін енгізген Бразилияның тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. «e-Demoscacia» интернет-порталы жұмысының ең үлкен жетістігінің қатарына жастар саясаты туралы заң жобасын әзірлеуді жатқызуға болады, онда мәтіннің 30%-ы талқылауға қатысқан жастардың түзетулері арқасында қалыптасқан. Сонымен қатар соңғы мәтінінде азаматтар ұсынған 374 түзету ескерілген Интернеттегі құқықтар туралы заң жобасы да порталдың жетістігі саналады [10].

Саяси жүйе, аймақтық ерекшеліктерімен қызметі айқындалатын кеңесуші демократияның түрлі механизмдері мен формалары бар. Кеңесуші демократиядағы Еуропа елдерінің тәжірибесі құрылымдалған жария тыңдаулар механизмінің жұмыс істейтінін көрсетеді. Азияның кеңесуші демократия үлгілері көбіне әралуан болып келеді.

Ұлттық құрылтай институтын дамытып және жетілдіре отырып, Қазақстан кеңесуші демократияны ілгерілетудегі әлемдік тәжірибені байытуға үлкен үлес қосады. Бұл процесс ұлт бірлігін нығайтып қана қоймай, азаматтардың басқаруға демократиялық қатысуының теориялық-қолданбалы көкжиектерін кеңейтуге жол ашады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Осы зерттеу мақаланы дайындау барысында әлемдік үздік тәжірибелерге саяси, салыстырмалы талдау жасалды. Ал, зерттеудің негізгі бөлімінде 2023 жылғы 20-31 шілде және 2024 жылғы 7-20 қазан аралығында Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері пайдаланылды. Сауалнама елдің барлық өңірлерінде «face-to-face» жеке сұхбаттасу әдісімен жүргізілді. Зерттеудің іріктемесі – репрезентативті. Таңдамалы жиынтық көлемі 18 жастан асқан 2023 жылы 2400 және 2024 жылы 1200 респондентті құрады. Респонденттер жынысы, жасы, этникалық белгісі және тұрғылықты жері бойынша бөлінді.

Сонымен қатар зерттеу аясында соңғы екі жылда Ұлттық құрылтай мүшелерін қоса алғанда, 11 салада қызмет атқаратын 50 сарапшымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Аталған зерттеулердің қорытындылары сұрыпталып, қолданысқа енгізіліп отыр. Құрылтай отырыстары арасындағы Президент Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтай мүшелерімен кездесуі де зерделеніп, контенттік талдау көмегімен олардың назар аудартуға тырысқан қоғамдағы көкейкесті мәселелердің жиынтығы ұсынылды.

Ұлттық құрылтай құрамын қалыптастыру туралы концептуалды дискуссия.

Ұлттық құрылтай қоғамдағы алуан топ мүшелері, сарапшылар қоғамдастығының, қоғамдық ұйым өкілдері мен белсенділердің басын қосқан құрамымен ерекшеленеді.

Бұл пікір әркелкілігін қамтамасыз етіп, ұсынылған бастама мен шешімдерді тереңдете әрі жан-жақты талдауға жол ашады. Мұндай тәсіл халықтың түрлі тобының мүдделерін ескере отырып, кең қоғамдық диалог негізінде әзірленген инновациялық идеялар мен шешімдерді енгізу арқылы мемлекеттік басқарудың сапасы мен тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Сонымен, 2022 жылғы 14 маусым күні Президент Ұлттық құрылтайды құру туралы Жарлыққа қол қойды, онда құрылтайдың ережесі мен құрамы бекітілді [11]. Ұлттық құрылтайдың құрылымы мен қызметі мемлекеттік билік пен қоғам арасындағы тиімді әрекеттестікті қамтамасыз ете алатындай деңгейде айқындалды. Оның құрамына құрылтай қызметінің ұйымдастырушылық негізін қалыптастыра отырып, Төраға, екі орынбасар, мүшелер және хатшы кірді. Ұлттық құрылтай құрамы белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінен, саяси партия, үкіметтік емес сектор, бизнес-қауымдастық, сарапшылар қоғамдастығы және облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы қоғамдық кеңес өкілдерінен тұрады.

Ұлттық құрылтайдың кезеңдік құрамы оның мүшелерін ротациялау жолымен жаңартылып келеді. Ұлттық құрылтай мүшелері құрылтайдың жұмыс бағдарламасы бойынша ұсыныстарға бастамашылық етуге және отырыстарға материалдар дайындауға қатысуға құқылы. Олар, сондай-ақ, отырыста көтерілген мәселелерді талқылап, әрі қарай қоғамға түсіндіру процесіне де қатысады. Бұл ретте құрылтай мүшелері өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға бере алмайды.

Ұлттық құрылтайға оның Төрағасы, яғни Қазақстан Республикасының Президенті басшылық етеді. Ол құрылтай қызметіне жалпы басшылық ету, отырыстарды өткізу уақыты мен орнын айқындайды, сондай-ақ орынбасарларға, мүшелерге және хатшыға тапсырма береді.

Отырыстың күн тәртібін бекіту міндеттемелерін және Төраға тапсырған өзге де міндеттерді орындайтын Төрағаның орынбасары қызметін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі атқарады.

Құрылтай хатшысы отырыстарға дайындық жұмыстарын ұйымдастыруда негізгі рөлге ие, сондай-ақ бұл процеске сарапшылар мен мамандарды тартады. Ол іс-шараны ұйымдастырушылық тұрғыдан сүйемелдейді және Төраға мен оның орынбасарлары тапсырған қосымша міндеттерді орындайды.

Ұлттық құрылтайдың жұмыс органы ретінде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі бекітілген.

Ұлттық құрылтай мүшелері – түрлі мамандық пен әлеуметтік топ өкілдері қатарынан жасақталады, атап айтқанда, олар саясаткерлер, саяси партия делегаттары, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, мәдениет және өнер саласының өкілдері, БАҚ, экономика, медицина, білім беру, спорт, сондай-ақ жастар қозғалысының белсенділері мен көшбасшылары. Бұл қатысушылардың әралуандығы Қазақстанның стратегиялық бағыттарын қалыптастыру кезінде көп дауыстықты қамтамасыз етіп, түрлі пікірлер мен мүдделерді ескеруге мүмкіндік береді.

1-сурет. Бұрынғы мүшелерді қоса алғандағы ҰҚ мүшелерінің қызмет саласы бойынша бөлінуі



Ұлттық құрылтайдың алғашқы құрамына 117 адам кірді. Ұлттық құрылтайдың құрамы қатысушыларды ротациялау есебінен тұрақты жаңарып отырады, ол жұмыс қарқынын сақтауға және жаңа мүдделі тұлғаларды тартуға көмектеседі. Мұндай тәсіл көзқарас алуандығына септігін тигізеді, талқылау тақырыптары аясын кеңейтіп, қоғамдық мүдденің барынша кең ауқымын қамтамасыз етеді.

Ұлттық құрылтайдың үш жылға жуық қызметі ішінде ротация нәтижесінде құрам 32 мүшеге жаңартылды – М. Айнабеков, Б. Алтынбеков, Ғ. Әбішев, А. Әлтай, Н. Әуесбаев, З. Байсақова, Б. Байтуов, Т. Бүкіров, Л. Буларов, К. Гринько, Қ. Дәуіталиев, С. Егізбаев, Қ. Жаманқұлова, Д. Зәкиева, Е. Көпжасарұлы, О. Кузовлева, Р. Қадыр, Д. Қадыров, Л. Қарабасова, М. Құлкенов, Д. Қадырбаева, Ә. Мұстафина, Д. Павленко, С. Пономарев, Р. Рысмамбетов, О. Сәбден, А. Сүлейменова, Л. Тараков, Ж. Түймебаев, Н. Шаталов, Ю. Шин, А. Шұқыжанова [12].

Осы тұста, сарапшылардың пайымдауынша, Ұлттық құрылтайдағы күн тәртібі кәсіби пікірдің, онлайн петициялардың және азаматтардың кең қатысуының басқа нысандарының синергиясы болуы керек. Себебі, Қазақстанның қоғамы әр алуан. Әлеуметтік желілерде және онлайн петицияларда сұрақтар қоятын адамдар өздерінің өмірлік тәжірибесіне және оларды не мазалайтынына сүйенеді. Сондықтан мұны міндетті түрде ескеру қажет.

Нәтижесінде, сарапшылар арасында Ұлттық құрылтай мүшелерін таңдаудың ашықтығы мен түсініктілігіне қатысты пікірлер екіге бөлінді, сондай-ақ келесі құрамды іріктеу рәсімдері ашық күйде қалуда.

Яғни, сарапшылардың сынға алған бөлігі Ұлттық құрылтайдың неғұрлым айқын кемшіліктеріне оған іріктеудің түсініксіз механизмін жатқызады. Олар, қоғамда Ұлттық құрылтай тізімі әлі күнге дейін билікке бейім, жақын адамдардан тұрады деген пікірді баса айтады. Құрамда қоғамның неғұрлым скептик топтарының өкілдері, оппозициялық құрылымдардың өкілдері, билікті сынаушылар жетіспейді деген сарында ой білдірді.

Ұлттық құрылтай олардың ойынша, диалог алаңына айналып, қоғамдағы жинақталған шиеленісті шығаратын алаң болуы қажет. Сарапшылар пікірінше, тағы бір мәселе, Ұлттық құрылтай жұмысының тек ресми билік органдары тарапынан регламенттелуі. Жекелеген сарапшылар, мұнда құпия тәсілдер, оның ішінде Ұлттық құрылтайдың мүшелерін таңдауда да көп болып отыр деген ұстанымда. Оған қоса, қарапайым адам үшін Ұлттық құрылтайға іріктеу принципі түсініксіз екендігі атап өтілді, өйткені оның барлық мүшелері қоғамдық пікірдің белсенді көшбасшылары емес.

Сарапшылардың пікірлеріне сүйене отырып, екі тәсілді бөліп айтуға болады. Іріктеудің қолданыстағы қағидасын қолдамайтын немесе түсінбейтін сарапшылар мүшелердің сайланбалы болуын ұсынады. Мысалы, көп сатылы жүйені енгізу. Бірінші кезеңде, Құрылтай өзіне белгілі бір дәстүрлерді, белгілі бір мазмұнға ие болуы үшін кәсіби мамандардың көмегімен кандидатураларды таңдау керек. Екінші кезеңде белгілі бір мөлшерде танымал, қоғам ұнататын адамдарды қосуға болады. Сайлауды халықтың жанама қатысуымен өткізу туралы ұсыныстар да бар. Бұл құқықты әртүрлі деңгейдегі мәслихат депутаттарына беруге болады, яғни депутаттар аймақтық принцип бойынша өз өкілдерін ұсына алады. Сондай-ақ, құрамды қалыптастыруға қоғамдық кеңестер кеңінен қатысуы керек. Бірақ оған ешбір жағдайда мемлекеттік органдар араласпауы тиіс [13].

Кейбір сарапшылар халықаралық бағдарламалар жасайтындай ашық конкурсты енгізуді ұсынады: қабылдау жарияланады және әртүрлі адамдар өз кандидатураларын ұсына алады, оларды арнайы комиссия қарайды. Ол сондай-ақ әртүрлі топтардан тұруы қажет және таңдау түсінікті критерийлер арқылы жүзеге асырылуы керек. Сарапшылардың пікірі бойынша, егер Ұлттық құрылтай өзіне барлық әлеуметтік топтардың өкілеттілігін ұсынатын ұйым атын иеленгісі келсе, онда, әрине, іріктеу процедурасы қоғамның жан-жақты мүшелерін қамтуы қажет.

Қолданыстағы іріктеу принципін түсінікті деп санайтындар арасында кез- келген сайлау құралдарын енгізу Ұлттық құрылтайды шектейді және Ұлттық құрылтай мүшелерін депутаттармен ұқсастырады, оған қоса оларда депутаттың құқығы мен мүмкіндіктері жоқ деген пікір басым. Қатысу квоталарын енгізу идеясы екі тараптан да айтарлықтай қолдау таппады.

Ұлттық құрылтайдың басты функциясы ретінде сарапшылар диалог алаңын қарастырады, ол арқылы идеяларды жоғары мемлекеттік деңгейге жеткізуге, қоғамдық пікір көшбасшыларының Президентке тікелей қолжетімділігін қамтамасыз етуге, қауымдастықтың бастамалары мен ұсыныстары үшін алаң құруға болады. Ұлттық құрылтай халықтың үлкен тобының мүддесін, яғни әртүрлі страталар, топтардың

және т.б. мүдделерін білдіруі керек. Ол ешбір жағдайда Мәжілістің халық ресми түрде сайлайтын, халықтың мүддесін депутаттар арқылы білдіретін орган ретіндегі рөлін алмастырмауы қажет. Орган жұмысының нәтижесі Президент Әкімшілігінің азаматтық қоғаммен тікелей ынтымақтастығынан көрінуі тиіс.

Сарапшылар Ұлттық құрылтай табысты болған жағдайда оның Парламенттің беделіне нұқсан келтірмейтініне сенімді. Парламент өкілді орган болып саналады және оған маңызды заңнамалық және бақылау функциясы жүктелген, ал Құрылтай өз кезегінде диалогтық, идеяларды ұсыну алаңы және бейресми мәртебеге ие. Егер бұл жерде Парламент пен Құрылтай арасында жақсы тепе-теңдік, яғни, жақсы өзара іс-қимыл болған жағдайда, проблемалардың туындауы екіталай, олар керісінше бірін-бірі толықтыратын болады. Өйткені, қоғамдық санада депутаттар көбіне халыққа жақын бола бермейді.

Қалыптасу механизмі Ұлттық құрылтай құрамының қалыптасуының нақты тетігін тұжырымдау қажет. Қазіргі уақытта іріктеу алгоритмі ашық емес. Опция ретінде Ұлттық құрылтай мүшелердің белгілі бір санын анықтауға болады, шартты 100%. Кейін институттар арасында бөлуге болады: бір бөлігін Президент өз шешімімен тағайындайды, бір бөлігін Парламент палаталары сайлайды, бір бөлігін жергілікті белсенділер арасынан өңірлер бөледі, бір бөлігін бекітілген тізім бойынша республикалық бірлестіктер тағайындайды. Тағы бір бөлігін институционалды қоғам электронды үкімет платформасы арқылы онлайн дауыс беру арқылы сайлай алады.

Тереңдетілген сұхбаттар нәтижесінен көріп отырғанымыздай, Құрылтайды қалыптастыру тетіктері мен оның мүшелерін іріктеу қағидаттары институттың заңдылығы мен өкілдік сипатын қамтамасыз ету мақсатында ашық академиялық- сарапшылық талқылаулардың нысанына айналуға болады. Бұл қалыптасқан тәжірибені жан-жақты зерттеуді және сарапшылардың, азаматтық қоғам өкілдерінің, мүдделі тараптардың қатысуымен артық саясиландырылмаған бірқатар ашық ғылыми пікірталастарды ұйымдастыруды талап етеді.

Ұлттық құрылтай азаматтық-қоғамдық дискурс нысаны ретінде. Құрылтай ел тұрғындары ой-пікірін еркін білдіре алатын жалпыұлттық диалогқа арналған негізгі платформаға айналуға көздейді. Бұл, Президент Қ. Тоқаевтың сөзінше, Қазақстанның дамуына мүдделі кооперацияның өзара тиімділігін барынша арттырып, билік пен халықтың арасындағы байланысты нығайтады: «Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Осылайша сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады» [14]. Сәйкесінше, Ұлттық құрылтай қоғамдық бірлікті одан әрі нығайтуға бағытталған идеялар мен қадамдарды әзірлейтін басты консультативтік-кеңесші орган ретінде аталды.

Елдегі басты кеңесші орган ретінде Ұлттық құрылтайды құру билік пен қоғамның ашықтық, сенім және мемлекеттік басқару мен шешімдер қабылдау процесіне біріге қатысу ұстанымына сүйене отырып, өзара әрекеттесу идеясының логикалық жалғасы мен дамуы болды. Ұлттық құрылтай тек ұлттық жобалар мен стратегияларды талқылауға ғана емес, Қазақстан дамуының өзекті мәселелері бойынша қоғамдық консенсусты қалыптастыруға, елдегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған.

Ұлттық құрылтай мемлекеттің ашықтық, инклюзия және конструктивті өзара әрекеттестік ұстанымына беріктігін айқындайды. Бұл қоғамдық консенсусты нығайтуға, ұлттық мүддені қолдауға және әлеуетін одан әрі күшейту үшін тұрақты платформа құруға бағытталған маңызды құрал. Президент алдағы мақсаттарға қол жеткізу үшін формальды өзара әрекеттесу тәжірибесінен бас тартып, мемлекет пен қоғам арасындағы белсенді және мағыналы серіктестік бағытында қозғалу қажет екенін атап өтті. Осы ретте Ұлттық құрылтай Қазақстандағы өмір сапасын жақсартуға және елдің заманауи, белсенді қоғам ретінде одан әрі дамуына бағытталған бастамалар мен ұсыныстардың ұйысу ортасына айналып, аталған бағытта басты рөл атқаруы тиіс.

Осы тұста бұқара халықтың ортасында Ұлттық құрылтай бейнесі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін жаппай сауалнаманың бірқатар нәтижелерін қарастырамыз.

Ұлттық құрылтайдың жұмысы туралы хабардар болу деңгейі (*Сіз елде Ұлттық құрылтай жұмыс істеп жатқанын естідіңіз бе?*) әртүрлі жас топтары арасында әрқелкі қарқынмен өсіп келеді. 2023-2024 жылдар аралығындағы әлеуметтік зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей үрдістерді байқауға болады:

Біріншіден, жастар арасындағы танымалдықтың өсуі (*18-28 жас*). 2023 жылы осы жас санатындағы респонденттердің 32%-ы Ұлттық құрылтай туралы білсе, 2024 жылы аталған көрсеткіш 39,7%-ға дейін өсті. Бұл 7,7% өсімді білдіреді, яғни жас буын арасында Ұлттық құрылтайдың танымалдығы артып келеді. Мұны жастардың саяси процестерге белсенді қызығушылық танытуымен, ақпараттық арналардың кеңеюімен және әлеуметтік желілердегі насихат жұмыстарының күшеюімен түсіндіруге болады.


Екіншіден, орта жас топтарындағы тұрақты жоғары көрсеткіш (*29-45 жас және 46-60 жас*) сақталуда. Орта жастағы азаматтар арасында Ұлттық құрылтайдың танымалдығы екі жыл қатарынан ең жоғары деңгейде қалып отыр. 2023 жылы 42,4% болған көрсеткіш 2024 жылы 47,4%-ға жетті. Бұл санаттағы азаматтар қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысатын топтардың бірі болып саналады және көбінесе мемлекеттік бағдарламалар мен реформаларға назар аударып, талқылауға белсенді араласады.

Үшіншіден, 61 жастан асқан азаматтар арасында Ұлттық құрылтайға деген қызығушылық біршама тұрақты күйінде қалды. 2023 жылы 39,7% болған көрсеткіш 2024 жылы 38,1%-ды құрады, яғни айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Ол егде жастағы азаматтардың ақпараттық тұтыну дағдыларының ерекшеліктеріне және саяси жаңалықтарға қатысты тұрақты көзқарастарына байланысты болуы мүмкін.

Осы үрдістерді ескере отырып, алдағы уақытта Ұлттық құрылтай жұмысын халықтың барлық топтарына тиімді жеткізу мақсатында ақпараттық науқанды әр жас санатына бейімдеу маңызды болмақ.

Соңғы уақыттағы ақпараттық алаңдағы кейбір теріс бейнелерге қарамастан, Ұлттық құрылтайға деген көзқарас жоғары деңгейде қалып отыр. Оң бағалайтын азаматтардың қатары (*«оң» және «оң әсер деуге болады» жауаптарын қоса есептегенде*) едәуір көп (**70,6%/76,1%**).

1-кесте. 2023-2024 жж. Ұлттық құрылтай жұмысына көзқарас




Өткен жылы бейтарап көзқарасты азаматтардың саны 20,2%-дан 24,1%-ға дейін артқанын да айта кету керек. Ол азаматтардың бір бөлігі Ұлттық құрылтай қызметін нақты бағалауға әлі дайын еместігін немесе нақты әсерін көрмегендігін білдіреді.

Ал, теріс көзқарасты респонденттердің саны аса үлкен емес – небәрі 5,3%

(«теріс» және «теріс әсер деуге болады» жауап нұсқаларын қоса есептегенде). Дегенмен, Ұлттық құрылтай жұмысының аясы кеңейіп, халық арасында танымал бола бастауы оған деген көзқарастың да алуандығын көрсетеді. Бастапқы жылдары аталған көрсеткіш 3,6% маңайында болған еді, яғни қазір сыни пікір айтушылар саны біршама артқандығын байқауға болады.

2-кесте. 2023-2024 жж. Ұлттық құрылтайға деген көзқарастың оның қызметі барысында өзгеру динамикасы



2023-2024 жылдар аралығында Ұлттық құрылтайға деген көзқарастың өзгеру динамикасына назар аударсақ, оның қызметін бағалауға қатысты тұрақты ортаның

қалыптасқанын көруге болады. Яғни, 2023 жылы респонденттердің 47,3%-ы Ұлттық құрылтай қызметі олардың көзқарасына әсер етпегенін мәлімдесе, 2024 жылы да ол көрсеткіш 48,4%-ға дейін аздап қана өсіп отыр. Жалпы, одан аңғаратынымыз халықтың жартысына жуығы Құрылтайдың жұмысына бейтарап қарайды немесе оның қызметін бағалау бойынша орнықты біржақты пікірі қалыптасқан.

2023 жылы респонденттердің 46,1%-ы Ұлттық құрылтайға деген көзқарасының оң бағытта өзгергенін атап өтті. Бұл жаңадан құрылған органның жұмысына алдын ала артылған сеніммен байланысты болуы мүмкін. Ал соңғы көрсеткіштер Ұлттық құрылтай қызметіне қатысты белгілі бір күмәннің пайда болуы, күтілген нәтижелердің толық орындалмауы немесе оның жұмысын қалыптасқан, тұрақты үдеріс ретінде қабылдаудың әсері болуы ықтимал. Дегенмен, соңғы екі жылда Ұлттық құрылтай қызметіне қатысты көқарастарын жақсы жаққа өзгеркен респонденттердің үлесі айтарлықтай жоғары деңгейде сақталып отыр.

Ұлттық құрылтайдың алдағы жұмысы үшін халықтың күткен нәтижелері мен сын-ескертпелерін ескеру маңызды болмақ, өйткені 2024 жылы белгілі бір шешімдерге немесе құрылтай қызметінің кейбір аспектілеріне қанағаттанбаушылықтың әсерінен өз ойын теріс өзгерткендердің саны 15,7%-ды құрады.

Мәліметтерден Ұлттық құрылтай қызметіне қоғамның ерекше назар аударып отырғанын байқауға болады. Оның қызметі бастапқы кезеңде халық тарапынан үлкен қызығушылық тудырса, қазіргі уақытта азаматтар тек қызығушылық танытып қана қоймай, нақты нәтижелер күтетін деңгейге жетті. Ол халықтың саяси процестерге деген белсенділігінің артуын және билік пен қоғам арасындағы диалогтың маңыздылығын айқындайды.

Алдағы уақытта Ұлттық құрылтай жұмысының жетілдірілуі, қабылданатын шешімдердің нақтылығы мен олардың орындалу барысы халықтың оған деген сенім деңгейіне тікелей әсер етпек. Сондықтан, құрылтайдың тиімділігіне деген сұраныстың артуы – билік пен қоғам арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған жаңа мүмкіндіктерді қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Тұтастай алғанда, халықтың көпшілігі әлі де саясаттан тыс және күнделікті тұрмыста саяси жүйенің элементтерін, әсіресе жаңа азаматтық институттарды қабылдау енjarлығын ескерсек, нәтиженің қаншалықты жақсы екенін бағалауға болады.

Ұлттық құрылтайдың саяси коммуникациялық рөлі. Ұлытаудағы алғашқы жиыннан кейін Ұлттық құрылтай жұмысының жаңа форматы енгізілді. Оның ерекшелігі – екі жұмыс күні ішінде пленарлық мәжілісі мен секциялар отырысы кезінде бірқатар стратегиялық мәселенің талқылануы. Ұлттық құрылтайдың III отырысынан бері төрт жұмыс секциясы өткізіліп келеді: «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым», «Әлеуметтік-экономикалық даму».

Ұлттық құрылтайдың жұмыс параметрлерінің ауқымы үнемі кеңейіп, жаңа әрекеттесу форматтарын қамтиды. Өңірлерге іссапар ұйымдастырылады. Құрылтайдың жұмыс топтары түрлі сала өкілдерімен белсенді араласып, азаматтардың күн тәртібін шешім қабылдау процесіне енгізуге жол ашады.

Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырыстарынан кейін басымдықтар мен жаңа күн тәртібін дамыту жөніндегі жұмыс үздіксіз жалғасады. Президент Қ. Тоқаев экономика,

мәдениет, әлеуметтік-саяси салаларға өкілдік ететін құрылтай мүшелерімен тұрақты түрде кездеседі.

Бұл жоғары биліктің Ұлттық құрылтайды «беделді тұлғалардың құрметті жиыны» ретінде емес, мемлекеттік бюрократия мен күнделікті жұмыстан тыс, ел үшін маңызды жобаларды жүзеге асыруға ықпал ететін жаңа идеялар қалыптастыратын ықпалды сарапшылардың, озық ойлы интеллектуалдардың жұмыс алаңы ретінде қарастыратынын көрсетеді.

Президенттің отырыстар арасындағы құрылтай мүшелерімен кездесулер тізімі және олардың тақырыбы елдің мемлекет саясатын нығайтуға, өзекті мәселелер бойынша тиімді шешім іздеуге бағытталған стратегиялық бағдарын айқын көрсетеді.

3 кесте. Құрылтай отырыстары арасындағы Президент Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтай мүшелерімен кездесуі

Президент Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтай мүшелерімен кездесуі	
25 сәуір, 2022 жыл	Белгілі экономист және қоғам қайраткері Ж. Құлекеев Мемлекет басшысына елдің әлеуметтік-экономикалық даму болашағына қатысты көзқарасын білдірді. Жаһандық геосаяси дағдарыс жағдайында ұлттық экономиканы дамыту жөнінде ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, елдің мұнай-химия саласын дамыту, мұнай-газ секторының ғылыми-инженерлік әлеуетін нығайту сияқты бірқатар мәселе қаралды.
5 мамыр, 2022 жыл	Президент Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабтың басқарушы комитетінің төрағасы Ә. Байменовты қабылдады. Кездесу барысында Қ. Тоқаевтың мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту туралы Жарлығын тиімді жүзеге асыру жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, басқару жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәсілдері, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін үздіксіз арттыру және кәсіби дағдыларын жетілдіру үдерісін модернизациялау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді.
22 маусым, 2022 жыл	Ұлттық құрылтай мүшесі Д. Тұрлыханов Мемлекет басшысына елде бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортының дамуы туралы, сондай-ақ физикалық мәдениет пен спортты дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған шаралар туралы айтты. Кездесу барысында жастарды бұқаралық спортпен айналысуға тарту, өңірлердегі спорттық инфрақұрылымды қолжетімді ету мәселесіне ерекше назар аударылды.
26 тамыз, 2022 жыл	«Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы С. Ақылбай азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған реформалар процесіне бірнеше ұсыныс білдірді. Солтүстік Қазақстан облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту институты» жеке мекемесінің директоры С. Худяков тұрғын үй саясатын және жергілікті басқаруды одан әрі жетілдіруге қатысты ойын ортаға салды.

9 қыркүйек, 2022 жыл	Т. Әубәкіров әлеуметтік мәселелерді шешу жөнінде өз ұсынысын айтты, оның ішінде ғылымды дамыту саласындағы мәселелер де қаралды. Сонымен қатар, ол Қазақстан халқына арнаған Президенттің Жолдауында жарияланған бастамаларды қолдап, елдегі реформаларды жүзеге асыру бойынша пікірін білдірді.
20 желтоқсан, 2022 жыл	Р. Баталов отандық кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыс туралы, мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ Ұлттық кәсіпкерлер палатасын трансформациялаудың негізгі бағыттары туралы айтты.
2 ақпан, 2023 жыл	Б. Измұхамбетов 2022 жылы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі атқарған жұмыс нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған жоспары туралы хабардар етті және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағына қатысты бірнеше ұсынысын білдірді. «Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы» Президенті И. Салжанов еліміздегі ұлттық спорт түрлерінің жағдайын талдау нәтижелері және бірнеше республикалық федерациялармен ұйымдастыру жұмысының басталғаны туралы мәлімдеді. Сонымен қатар, 2024 жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу мәселесін де көтерді.
22 ақпан, 2023 жыл	Т. Қалиев Мемлекет басшысына елде жүзеге асып жатқан реформалар аясында ұлттық бірегейлікті дамытуға қатысты ұсынысын жеткізді. Саясаттанушы, сондай-ақ, қоғамдық өмірдегі ақыл-ой орталықтарының рөлі және Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының жұмысы туралы айтып берді.
11 сәуір, 2023 жыл	Президент «Атамекен» ҰКП президиум төрағасы Р. Баталовты қабылдады. Кездесу барысында елдегі кәсіпкерлікті дамытудың негізгі бағыттарына ерекше назар аударылды. Президент Палата басшысының есебін тыңдап, стратегиялық шешім қабылдау процесінде бизнестің көзқарасын ескерудің маңыздылығын атап өтті.
31 мамыр, 2023 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының президенті, Ұлттық құрылтай мүшесі К. Закарьяны қабылдады. Кездесу барысында ғылым саласындағы өзекті мәселелер қаралды. Қ. Тоқаев Академия президентіне талантты жас ғалымдарды ғылыми ортаға кеңінен тарту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.
10 шілде, 2023 жыл	Президент Ұлттық құрылтай мүшесі, Астана қаласындағы мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Ә. Байменовті қабылдады. Ә. Байменов Мемлекет басшысын Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының қызметі туралы хабардар етті. Мемлекет басшысы ұлттық ойынды ел ішінде және шетелде одан әрі насихаттаудың маңыздылығын атап өтті.
21 тамыз, 2023 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі, Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті А. Жұмаділдаевты қабылдады. А. Жұмаділдаев Мемлекет басшысына Ұлттық ғылым академиясының қызметі туралы баяндап, отандық ғылымды дамыту жөнінде өз ұсынысын білдірді. Сонымен қатар, ол қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесіне қатысты пікірін айтты.

22 тамыз, 2023 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі А. Сатыбалдыны қабылдады. Кездесу барысында отандық кинематография мен мәдениет саласының даму мәселелері талқыланды.
12 қазан, 2023 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі, «Қазақ тілі» қоғамының президенті Р. Кенжеханұлын қабылдады. Кездесу барысында тіл саясатын жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланды. Президент тілдің тазалығын сақтау үшін оқу және жазу сауаттылығын арттыру шараларының маңыздылығына ерекше тоқталды, бұл шаралар әр түрлі әлеуметтік топтар, оның ішінде жастар арасында жүзеге асырылуы керек. Өз кезегінде Р. Кенжеханұлы «Қазақ тілі» қоғамы жүзеге асырып жатқан жобалар мен жоспары туралы айтып берді.
12 наурыз, 2024 жыл	Ұлттық құрылтай мүшесі А. Күрішбаев Мемлекет басшысына өзі басқарып отырған Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті жүргізіп жатқан ғылыми зерттеулер мен агроөнеркәсіптік саланы жетілдіруге бағытталған жұмыстар туралы баяндады.
21 наурыз, 2024 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі, «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі Г. Илеуовамен кездесті. Кездесу барысында III Ұлттық құрылтай отырысында көтерілген өзекті мәселелер талқыланды. Г. Илеуова мемлекеттік символдар айналасындағы талқылаулар мен мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара әрекеттестікке қатысты өз ұсынысын білдірді.
24 сәуір, 2024 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшелері Ю. Шина мен Л. Буларовты қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын одан әрі жетілдіру мәселелері талқыланды. Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының табиғи апаттан зардап шеккендерге көмек көрсетуге қосқан үлкен үлесін атап өтті.
30 мамыр, 2024 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі Б.Ізмұхамбетовты қабылдады. Ол мұнай-газ саласын, ауыл шаруашылығын, діни ахуалды дамыту және өңірлердегі азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесі бойынша ұсынысын жеткізді. Сондай-ақ ол «Қоғамдық бақылау туралы» заңды жүзеге асыруда аға буынның белсенді қатысқаны туралы айтты.
18 маусым, 2024 жыл	Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі, Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл Д. Зәкиеваны қабылдады. Президентке балалардың құқықтарын қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өткен жылы атқарылған жұмыс туралы баяндалды. Кездесу барысында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұрғын үй бөлу мәселелері, сондай-ақ ауылдық жерлерде балаларға арналған инфрақұрылымды дамыту мәселесі талқыланды.
17 қаңтар, 2025 жыл	Президент Ұлттық құрылтай мүшелері Ә. Бәйменов пен А. Күрішбаевты қабылдады. Кездесу барысында әлемдегі мемлекеттік басқару саласының даму тенденциялары мен доктриналары талқыланды. Сондай-ақ, Ғылым академиясының негізгі нәтижелері мен жас ғалымдарға әлеуметтік қолдау көрсету шаралары туралы мәселе көтерілді.

Президент Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтай мүшелерімен жұмыс кездесулері қалыптасқан дәстүрге айналды және үнемі жалғаса береді. Бұл өзара әрекеттесу форматы

мемлекеттік саясаттың маңызды элементі ретінде, уақыттың талабына қарай жедел әрекет етуге және қоғам пікірін ескере отырып, стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беруде.

Үздіксіз диалог күн сайын жалғасып келеді, ол билік пен азаматтық қоғам арасында шынайы кері байланыс орнатуды қамтамасыз етеді. Президент құрылтай мүшелерімен еліміздің дамуындағы негізгі мәселелерді ашық талқылап, олардың сарапшылық көзқарасы мен конструктивті ұсынысының маңыздылығына мән береді. Осы орайда, 3-кестеге назар қойсақ, бір тұлғаны бірнеше мәрте қабылдағанын көрсетеді. Яғни президент белгілі бір диалогта айтылған мәселелердің жалғасуы мен іске асырылу барысына да мән беріп отырғандығын тұжырымдауға болады. Мәселен, Ә. Бәйменовті 2022 және 2023 жылдары, Б. Ізмұхамбетовты 2023 және 2024 жылдары қабылдады. Сонымен бірге Ұлттық құрылтай мүшесі А. Күрішбаевты да екі мәрте қабылдауы қоғамдағы өзекті мәселелерге азаматтардың да назарын аудартады.

Қорытынды

Ұлттық құрылтай жұмысын бастағалы бері үш жыл ішінде Қазақстанда қоғамдық ынтымақты нығайтуға бағытталған маңызды институт ретінде қалыптасты. Оның дамуы мен нақты бастамаларды жүзеге асыруы құрылтайдың өзектілігін дәлелдеп қана қоймай, азаматтық қоғамның күткен нәтижесінен де асып түсті. Ұлттық құрылтай ең өзекті әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылап, шешуге арналған тиімді алаңға айналды. Орган мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен жүзеге асырылуына нақты ықпал ете алатынын айқындап, ұлттық дамудың институционалдық құрылымындағы өз орнын бекітті. Сонымен бірге құрылтай қазіргі Қазақстан қоғамы құндылықтарын өндіру мен сабақтастырудың негізгі көзіне айналып отыр.

Құрылтайдың басты миссиясы – қоғамдағы өзекті мәселелерді анықтап, оларды талқылауғана емес, сонымен қатар оларды жүйелі шешу үшін сарапшылар қоғамдастығын жұмылдыру. Азаматтық институт, мемлекеттік құрылым және қоғамдық бірлестіктердің өзара ықпалдастығы ортақ мақсатқа – азаматтардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлеуметтік әл-ауқатты арттыру жолында біріктірілді.

Ұлттық құрылтайдың басты қағидаты – мемлекеттік билік пен азаматтық қоғам арасындағы өзара серіктестік іс-қимылды қалыптастыру. Саяси трансформациялар тарихы көрсеткендей, тұрақты даму тек осы екі тараптың тығыз ынтымақтастығы жағдайында ғана мүмкін болады. Мемлекет экономикалық өсу, реформаларды іске асыру, халықты әлеуметтік қорғау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға жауапты, ол икемділікті, диалогқа ашықтықты және қоғамдық пікірді ескеруді талап етеді.

Өз кезегінде азаматтық қоғамның белсенді қатысуы да маңызды рөл атқарады. Сайлау белсенділігінде, қоғамдық бақылауда, реформаларды қолдауда, волонтерлікте және әлеуметтік жауапкершілік танытуда көрінетін азаматтық белсенділік серпінді және тұрақты қоғамның негізін құрайды. Егер осындай өзара әрекеттестік болмаса, ең жақсы ойластырылған реформалар мен бастамалар да қағаз жүзінде қалу қаупіне ұшырайды.

Ұлттық құрылтай қатысу демократиясы ретінде шешім қабылдаудың кейбір элементтері бар қоғам мүшелерімен тікелей әрекет етуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде қоғамдық ұйымдар, азаматтар қоғамдық салаларды реттеуге тікелей қатысады. Осы

процестерге қатысатын адамдар мен топ мүшелері белсенді азаматтықты, демократиялық сананы, тиесілілік пен байланыстылық сезімін дамыта алуы мүмкін. Осындай себептерге де байланысты Ұлттық құрылтайдың жұмысын одан әрі қатысу түрінде жандандыру мақсатында жоғарыда сипатталған әлемдік тәжірибе мен эмпирикалық деректер негізінде келесі ұсыныстарды негіздеуге болады:

- Ұлттық құрылтайдың жұмыс механизмдерін қалыптастыру кезінде әлемдегі кеңесуші демократияның жұмыс үлгілерін назарға алу және олармен санасу;

- «Qurultay» цифрлық қосымшасын ескере отырып, әзірлеушілер Бразилияның цифрлық демократия тәжірибесін зерттеуі қажет және мүмкін болса порталдың қосымшаларын жетілдіру процедураларына қатысуы керек, себебі олардың бағдарламалық коды ашық болғандықтан, пікірталасқа арналған цифрлық алаңдардың мүмкіндігін қалыптастыру аясында Қазақстанда да қолданылу мүмкіндігі бар;

- Делиберативті сауалнама алгоритмдерін Қазақстандағы кеңесуші демократия механизмдерінің (Ұлттық құрылтай) жұмыс жағдайларына бейімдеу үшін Стэнфорд университеті Делиберативті демократия орталығының (АҚШ) өкілдерін кеңесші ретінде немесе отандық талқы алаңдарына тарту;

- Ұлттық құрылтай құрамын анықтау жүйесін жетілдіру (Ұлттық құрылтай мүшелерін таңдау критерийлерін нақтылап, оны қазіргі құрылтай мүшелері, сарапшы және қоғам белсенділерімен бірлесе талқылау);

- Әртүрлі сала мен бағыттағы ҰЕҰ өкілдерін кеңінен тарту және инклюзияны кеңейту;

- Ұлттық құрылтай аясында көтерілген бастамалардың жүзеге асырылу деңгейін бақылау үшін арнайы интерактивті мониторинг жүйесін енгізу;

- Ұлттық құрылтайдың жұмыс секциялары мен пленарлық отырысын тікелей эфирде трансляциялау арқылы қоғамның кең ауқымды қатысуын қамтамасыз ету (Тікелей эфир барысында бірден көтерілген бастамаларды қолдау деңгейін білдіру тетіктерін қарастыру);

- Алдағы уақытта Ұлттық құрылтай жұмысын халықтың барлық топтарына тиімді жеткізу мақсатында ақпараттық науқанды әр жас санатына бейімдеу.

Осылайша, билік пен қоғам арасындағы өзара түсіністік пен бір-бірін толықтыратын іс-қимылға негізделген тиімді ынтымақтастық тұрақты дамудың берік іргетасы болады. Ұлттық құрылтай бұл қағидатты іс жүзінде жүзеге асырып, қоғамдық көңіл-күйдің индикаторы, мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттаушысы және заманауи сын-қатерлерді талқылау алаңы ретінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, ұлттық құрылтай азаматтардың саяси мәдениеті мен санасын кеңейте отырып, саяси қатысуға деген еріктілікті, белсенділікті де нығайту тетігін құрайды. Ол өз кезегінде елдегі демократияландыру жұмыстарының келесі бір жоғары деңгейіне өтуге мүмкіндік беретінін күтуге болады.

Қаржыландыру. Мақала «Қоғамдық келісімді құру жағдайында үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін зерттеу» (№BR24993126) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жарияланды.

Авторлардың қосқан үлесі.

Тасым Р. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

Пұсырманов Н. – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы;

Назарбетова Ә. – талдау және статистикалық деректермен жұмыс.

Әдебиеттер тізімі

1. Bächtiger, A., Dryzek, J.S., Mansbridge, J., Warren, M.E. (2018) The Oxford handbook of deliberative democracy, Oxford University Press. Available via the link: <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780198747369.001.0001>, (Accessed: 3 April 2025)
2. Rawls, J. (2017). A theory of justice, In Applied ethics, Routledge, pp. 21-29.
3. Habermas, J. (1985). Remarks on the concept of communicative action. In Social action. Dordrecht: Springer Netherlands, pp. 151-178.
4. Niemi, J.I. (2005). Jürgen Habermas's Theory of Communicative Rationality: The Foundational Distinction Between Communicative and Strategic Action. Social Theory and Practice, 31(4), pp. 513-532. <http://www.jstor.org/stable/23558532> (Accessed: 3 April 2025)
5. Farrell, D.M., Suiter, J., Harris, C. (2018). 'Systematizing' constitutional deliberation: the 2016-18 citizens' assembly in Ireland, Irish Political Studies, 34(1), 113-123. Available: <https://doi.org/10.1080/07907184.2018.1534832>
6. Fishkin, J.S., Siu, A. (2021). Mongolia: Piloting Elements of a Deliberative System, In Deliberative Democracy in Asia, Routledge, pp. 190-204.
7. Fang, N., Fang, N. (2015). Key Priorities for Democracy Building in China: The Development of Consultative Democracy, China's Democracy Path, pp. 93-105.
8. Wiebrecht, F. (2024). Expertise and Responsiveness in People's Political Consultative Conferences, The China Quarterly, pp. 1-18. Available: <https://doi.org/10.1017/S0305741024001486>
9. Munno, G., Nabatchi, T. (2014). Public deliberation and co-production in the political and electoral arena: a citizens' Jury Approach, Journal of Deliberative Democracy, 10(2). Available: <https://doi.org/10.16997/jdd.206>
10. Mitozo, I., Marques, F.P.J. (2019). Context matters! Looking beyond platform structure to understand citizen deliberation on Brazil's Portal e-Democracia, Policy & Internet, 11(3), pp. 370-390. Available: <https://doi.org/10.1002/poi3.196>
11. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 маусымдағы №930 Жарлығы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/kz/kazakhstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakhstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhouyldy-dep-tanu-turaly-145458> (қаралған күні: 10 наурыз 2025 ж.). Ұлттық құрылтайдың ресми сайты. Ұлттық құрылтай құрамы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://quryltai.kz/ru/members> (қаралған күні: 10 наурыз 2025 ж.).
12. Әбішев, Ғ.С. (2023) «Ұлттық құрылтай жұмысының саяси аспектісі» тақырыбындағы талдау баяндамасы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://kipd.kz/article/analiticheskie-doklady-ro-obschestvenno-politicheskim-temam-v-ramkakh-natsionalnogo-kurultaya> (қаралған күні: 10 наурыз 2025 ж.).
13. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan>, қаралған күні: 10 наурыз 2025 ж.).

Р. Тасым¹, Н. Пусырманов², А. Назарбетова³

¹Центр изучения общественных процессов Казахстанского института общественного развития, Астана, Казахстан

²Институт истории государства, Астана, Казахстан

³КИСИ, Алматы, Казахстан

Национальный Курултай – как институт делиберативной демократии

Аннотация. Статья посвящена деятельности Национального курултая при Президенте Республики Казахстан, учреждённого по инициативе Касым-Жомарта Токаева. Внимание уделяется формированию и развитию Национального курултая как формы участия и консультативной демократии, обеспечивающей представителям различных общественных групп возможность влиять на процесс принятия решений и участвовать в политике. В этом контексте основными вопросами исследования выступают: концептуальная дискуссия о составе Национального курултая, его функционирование как формы гражданско- общественного дискурса, а также политико-коммуникационная роль курултая.

Особенность исследования заключается в том, что анализ осуществляется через призму вклада курултая, как нового института, в развитие консультативной демократии в Казахстане. Укрепление и развитие подобной делиберативной структуры способствует формированию нового уровня общественного мнения.

В условиях трансформации политической системы создание курултая стало не только шагом по более широкому привлечению населения к процессу принятия решений, но и составной частью концептуального фрейма политической модернизации – модели «Государства, слышащего голос народа». Таким образом, Национальный курултай стал инструментом демократического участия, способным изменять подходы к формированию государственной политики, обеспечивать обратную связь, консультироваться с обществом и предлагать идеи, продвигающие общественное развитие.

Статья основана на анализе нормативных документов, экспертных мнений и эмпирических данных. На этой основе выдвигаются практические рекомендации по продвижению курултая как доступной и удобной платформы для обмена идеями, мнениями и предложениями в целях укрепления верховенства закона и повышения эффективности государственного управления.

Ключевые слова: Национальный курултай, консультативная демократия, общественный диалог, гражданское общество, неправительственные организации, общественное согласие, демократия участия.

R. Tassym¹, N. Pussyrmanov², A. Nazarbetova³

¹Center for the Study of Social Processes Institute of Public Development, Astana, Kazakhstan

²Institute of State History Astana, Kazakhstan

³Kazakhstan Institute for Strategic Studies, Almaty, Kazakhstan

National Qurultay – as an institution of deliberative democracy

Abstract. The article focuses on the activities of the National Qurultay under the president of the Republic of Kazakhstan, created on the initiative of K. Tokayev. The formation and development of

the National Qurultay in the form of a participatory and advisory democracy allows diverse groups of society to participate in decision-making and policy. In this direction, the conceptual discussion on the formation of the National Qurultay, the National Qurultay as a form of civil and public discourse, the political communication role of the National Qurultay became the main questions of our study.

The peculiarity of the study is that it is studied through the prism of the contribution of such a newly established body as the National Qurultay to the development of consultative democracy in Kazakhstan. The establishment and development of such a deliberative structure and its active influence make it possible to form a new level of public opinion.

In the context of the transformation of the political system, the creation of the Qurultay was not only the widespread involvement of the authorities in the decision-making process of the population, but also the conceptual framework of political modernization became an integral part of the model of the "Listening State To The Voice Of The People". In this way, the National Constituent has been able to become a tool for feedback, public consultation, democratic participation that offers ideas that move society forward, changing the way public policy is made.

The article is based on a regulatory document, expert opinion and empirical data analysis. In this regard, it will form the basis for the development of practical recommendations for promotion in the form of an accessible and convenient platform for exchanging thoughts, ideas and opinions on ensuring the rule of law and improving the efficiency of Public Administration.

Keywords: national Qurultay, consultative democracy, public dialogue, civil society, non-governmental organizations, public consent, participatory democracy.

References

1. Bächtiger, A., Dryzek, J.S., Mansbridge, J., Warren, M.E. (2018) The Oxford handbook of deliberative democracy, Oxford University Press. Available via the link: <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780198747369.001.0001>, (Accessed: 3 April 2025)
2. Rawls, J. (2017). A theory of justice, In Applied ethics, Routledge, pp. 21-29.
3. Habermas, J. (1985). Remarks on the concept of communicative action. In Social action. Dordrecht: Springer Netherlands, pp. 151-178.
4. Niemi, J.I. (2005). Jürgen Habermas's Theory of Communicative Rationality: The Foundational Distinction Between Communicative and Strategic Action. Social Theory and Practice, 31(4), pp. 513-532. <http://www.jstor.org/stable/23558532> (Accessed: 3 April 2025)
5. Farrell, D.M., Suiter, J., Harris, C. (2018). 'Systematizing' constitutional deliberation: the 2016-18 citizens' assembly in Ireland, Irish Political Studies, 34(1), 113-123. Available: <https://doi.org/10.1080/07907184.2018.1534832>
6. Fishkin, J.S., Siu, A. (2021). Mongolia: Piloting Elements of a Deliberative System, In Deliberative Democracy in Asia, Routledge, pp. 190-204.
7. Fang, N., Fang, N. (2015). Key Priorities for Democracy Building in China: The Development of Consultative Democracy, China's Democracy Path, pp. 93-105.
8. Wiebrecht, F. (2024). Expertise and Responsiveness in People's Political Consultative Conferences, The China Quarterly, pp. 1-18. Available: <https://doi.org/10.1017/S0305741024001486>
9. Munno, G., Nabatchi, T. (2014). Public deliberation and co-production in the political and electoral arena: a citizens' Jury Approach, Journal of Deliberative Democracy, 10(2). Available: <https://doi.org/10.16997/jdd.206>

10. Mitozo, I., Marques, F.P.J. (2019). Context matters! Looking beyond platform structure to understand citizen deliberation on Brazil's Portal e-Democracia, Policy & Internet, 11(3), pp. 370-390. Available: <https://doi.org/10.1002/poi3.196>

11. «Kazakstan Respublikasy Prezidentinin zhanyndagy Ylttyk kyryltajdy kyru zhane Kazakstan Respublikasy Prezidentinin kejbir zharlyktarynyn kyshi zhojyldy dep tanu turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2022 zhyly 14 mausymdagı №930 Zharlygy. Silteme argyly gol zhetimdi: <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhojyldy-dep-tanu-turaly-145458> (karalghan kyni: 10 nauryz 2025 zh.).

12. Ylttyk kyryltajdyn resmi sajty. Ylttyk kyryltaj kyramy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://quryltai.kz/ru/members> (karalghan kyni: 10 nauryz 2025 zh.).

13. Abishev, F.S. (2023) «Ylttyk kyryltaj zhymysynyn sajasi aspektisi» takyrybyndagy taldaу bajandamasyju. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://kipd.kz/article/analiticheskie-doklady-po-obschestvenno-politicheskim-temam-v-ramkakh-natsionalnogo-kurultaya> (karalghan kyni: 10 nauryz 2025 zh.).

14. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn 2022 zhyly 16 nauryzdagı «Zhana Kazakstan: zhanaru men zhangyru zholy» Kazakstan halkyna Zholdaу. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdaу-1622340> (karalghan kyni: 10 nauryz 2025 zh.).

Авторлар туралы мәлімет:

Тасым Р.Б. – хат-хабарға жауапты автор, Қазақстандық қоғамдық даму институты Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының басшысы, Астана, Қазақстан.

Пұсырманов Н.С. – PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан.

Назарбетова Ә.Қ. – PhD, Алматы қаласы ҚСЗИ өкілдігі, Алматы, Қазақстан.

Тасым Р.Б. – автор для корреспонденции, руководитель Центра изучения общественных процессов Казахстанского института общественного развития, Астана, Казахстан.

Пұсырманов Н.С. – PhD, директор Института истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Назарбетова А.К. – PhD, Представительство КИСИ в городе Алматы, Алматы, Казахстан.

Tasym R. – Corresponding author, Head of the Center for the Study of Social Processes of Kazakhstan Institute of Public Development, Astana, Kazakhstan.

Pusyrmanov N. – PhD, Director of the Institute of State History, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Nazarbetova A. – PhD, Representative Office of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies in Almaty, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).